

«БЕКІТЕМІН»

«Айыртау ауданының Саумалкөл а.

агротехникалық колледжі» КММ

директоры  Б. Жанахметов



**2022-2023 оқу жылына «Айыртау ауданының Саумалкөл а.
агротехникалық колледжі»**

**коммуналдық мемлекеттік мекемесіне азаматтарды
оқуға қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5 бап 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік білім берудегі кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асырудағы білім беру ұйымдарына қабылдаудың Типтік ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. «Айыртау ауданының Саумалкөл а. агротехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне негізгі орта (негізгі жалпы), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), ортадан кейінгі, жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

3. «Айыртау ауданы Саумалкөл ауылының агротехникалық колледжі» КММ оқуға қабылданған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 «Кәсіптік, орта және жоғары білімнен кейінгі ұйымдарға оқуға қабылдауға арналған оқуға қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» қаулысы негізінде:

- 1) 1 және 2 топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар – 1%;
- 2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс ардагерлері және соғыс мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар – 0,5%;
- 3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар – 30%;

- 4) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар -4%;
- 5) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, және де кәмелет жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе қамқорлығысыз қалған Қазақстан Республикасының жас азаматтары -1 %;
- 6) ауыл жастары арасынан Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге көшетін азаматтар -10 %.

2. Оқуға қабылдау тәртібі.

Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және қабылдау емтиханын өткізу

4. Азаматтардың «Айыртау ауданының Саумалкөл а. агротехникалық колледжі» КММ-де оқу және білім алушылар қатарына қабылдау жөнінде өтініштерін қабылдау бойынша директордың бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады, ол өз қызметін 2022 жылдың 1 маусымнан кешіктірмей атқара бастайды. Қабылдау комиссиясы төрағадан, комиссия мүшелерінен және жауапты хатшыдан тұрады.

5. Азаматтардың өтініштер бойынша «Айыртау ауданының Саумалкөл а. агротехникалық колледжі» КММ оқуға қабылдау білікті жұмысшы кадрлар даярлауды қарастыратын техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша 20-шы маусымнан 20-шы тамызға дейін жүзеге асырылады.
(2022-2023 оқу жылына қабылдау жоспарына сәйкес).

6. Құжаттарды қабылдау туралы ереженің 9.9-1.9-2.9-3.9-4-тармағына сәйкес қағаз түрінде немесе портал арқылы жүзеге асырылады.

«Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылының агротехникалық колледжі» КММ-ге оқуға түсуге үміткерлер келесі құжаттарды қоса беруі қажет:

- өтініш;
- білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- фотофлюорофото қоса берілген 086-У нысанындағы медициналық анықтама (I, II топтағы мүгедектерге және бала кезінен мүгедектерге, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);
- 3x4 см өлшемдегі фотосуреттер;
- жеке куәлік, төлқұжат немесе туу туралы куәлік немесе оның орнын толтыратын құжат (көшірме);
- вакцинация картасы, денсаулық кітапшасы (мамандығы бойынша);
- егер өтініш беруші жетім бала немесе ата-анасының қамқорлығысыз қалған бала болған жағдайда, оның мәртебесін растайтын құжаттары.

Оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды тек өзі, және(немесе) ата-анасы, заңды өкілдері тапсырады.

7. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжатты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар:

- шетелдік - шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;
- азаматтығы жоқ адам – азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- босқын-босқын куәлігі;
- пана іздеуші – пана іздеушінің куәлігі;
- оралман - оралман куәлігі.

Үміткерлердің өтініштері оқу нысандары бойынша тіркеу журналдарында тіркеледі.

Білікті кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанына түсетін адамдар үшін әңгімелесу күнтізбелік жылдың 1 тамызынан 31 тамызына дейін өткізіледі.

Білікті кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін қабылдау емтихандары әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Қабылдау комиссиясы әрбір үміткермен 20 минуттан аспайтын әңгімелесу өткізеді.

3. Білім алушылар құрамына қабылдануы

8. «Айыртау ауданының Саумалкөл а.агротехникалық колледжі» КММ білім алушылары құрамына қабылдау.

Білікті жұмысшыларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша негізгі орта білім беру ұйымдарының білім беру құжаттарында көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағаларды ескере отырып, 2022 жылғы 25 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында жалпы орта білім, әңгімелесу нәтижелері негізінде іріктеу арқылы жүзеге асырылады.

9. Азаматтарды «Айыртау ауданының Саумалкөл а. агротехникалық колледжі» КММ-не қабылдау, қабылдау комиссиясының ашық отырысында таңдаған кәсіптер, мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

10. Оқуға қабылдау нәтижелері туралы ақпарат талапкерлердің назарына 2022 жылғы 10 қыркүйектен кешіктірілмей жеткізіледі.